

НЕСИЕЛЕУДІҢ ЖАЛПЫ ШАРТТАРЫ

1) Жастарды несиелеу бағдарламасы бойынша берілетін ең көп сома қанша?

- Несиенің максимал сомасы 5 000 000 (бес миллион) тенгеге дейін.

2) Жастарды несиелеу бағдарламасы бойынша берілетін несиенің мерзімі қандай?

- Шағын несие мерзімі 5 жылға дейін;

Мал шаруашылығы саласындағы жобаларға 7 жылға дейін беріледі.

3) Айналым қаражатын толтыру мақсатындағы несиенің мерзімі қандай?

- Айналым қаражатын толтыруға берілетін несиенің мерзімі 24 айдан аспайды.

4) Несиені алу үшін жас кәсіпкердің жасы нешеде болуы керек?

- Несиелеуге өтініш берген сәтте жасы 21 мен 35 аралығындағы кәсіпкер шағын несиені ала алады.

5) Несие алу кезінде жеке кәсіпкер ретінде тіркелу қажет пе?

- Иә, тіркелу қажет, несие алу үшін сенім білдірілген өкілге (агентке) жүгінген кезде жеке кәсіпкер (оның ішінде шаруа қожалығы/фермерлік қожалық) ретінде тіркеудің болуы бес жылдан аспауға тиіс.

6) Негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдік кезең қарастырылған ба?

- Иә, бағдарлама несие мерзімі ұзақтығының 1/3 бөлігіне дейінгі мерзімге негізгі борыш пен сыйақыны өтеу бойынша жеңілдік кезеңін беруді көздейді.

7) Осы бағдарлама бойынша шаруа қожалығы/фермерлік қожалық қаржыландырыла ма?

- Иә, шаруа қожалығы/фермерлік қожалық басшысы мен барлық мүшелерінің жасы несие беруге өтініш берген кезде 21 жастан 35 жасқа дейін болса ғана рұқсат етіледі.

8) Несие бойынша негізгі борыш пен сыйақыны өтеу тәртібі қандай?

- Несиені өтеу мерзімі кредиттеу мерзімі ішінде ішінара/толық мерзімінен бұрын өтеу, сондай-ақ нақты пайдаланылған кезең үшін кредиттеу мерзімі ішінде есептелген сыйақыны өтеу мүмкіндігімен ай сайын/тоқсан сайын/жарты жылда 1 (бір) рет/жылына 1 (бір) рет белгіленуі мүмкін.

9) Несие алу үшін құжаттар пакетін қайда ұсынуым керек?

- Несие алу үшін құжаттар пакетін "Аграрлық несие корпорациясы" АҚ филиалдарына ұсыну қажет, олардың мекенжайы мен телефонын agroccredit.kz сайтынан көруге болады.

10) Жастар несие алу үшін кәсіпкерлік негіздеріне оқып, сертификат тапсыру қажет пе?

- Жоқ, кәсіпкерлік негіздеріне оқытудан өткені туралы сертификаттың болуы міндетті емес.

11) Жұмыс істейтін жастарға осы кредит беріле ме?

- Иә, бағдарламада жұмыс істейтін жастарға несие беру үшін шектеулер қарастырылмаған.

12) Моноқалаларда, облыс орталықтарында немесе республикалық маңызы бар қалаларда тұратын жастарға шағын несие беріле ме?

- Иә, бағдарлама ауыл кәсіпкерлеріне де, қалалық кәсіпкерлерге де несие беруді көздейді.

13) Егер бұрын 6% жеңілдікті несие алған болса және қазіргі уақытта осы жеңілдікті несие бойынша міндеттемелер болса, жастарға микрокредит беру бағдарламасы бойынша несие алуға бола ма?

- Иә, бағдарлама бұл шектеулерді қарастырмайды. Бұл ретте, кредит барлық міндеттемелерді орындау үшін, оның ішінде бұрын алынған кредиттер бойынша жоспарланған кіріс жеткілікті болған жағдайда ғана берілуі мүмкін.

14) Тек айналым қаражатын толықтыруға, мысалы, дүкенге тауар сатып алуға несие алуға бола ма?

- Жоқ, бағдарламаның шарты бойынша, айналым қаражатын толықтыруға 100% рұқсат етілмейді. Айналым қаражатын толықтыруға несиенің бір бөлігі ғана бағытталуы мүмкін.

15) Кредит алу үшін қандай құжаттар ұсыну қажет?

- Микрокредит алуға арналған құжаттар тізімі

№	Құжат атауы	Құжат түрі/қосымша мәлімет
1	Сенім білдірілген (агент) ұйымның ішкі нормативті құжаттарына сәйкес шағын несие алу үшін толтырылатын сауалнама – өтініш	түпнұсқа*/ электронды құжат**
2	Жеке куәлік	көшірме***/ құжаттың электронды көшірмесі**/ мемлекеттік деректер базасынан алынған электронды үлгідегі мәлімет
3	Несие тарихы субъектісінің ол туралы несие бюросына ақпарат беру, сонымен қатар несие есебін сұраушыға несие есебін беру туралы келісімі	түпнұсқа*/ электронды құжат
4	Субъектінің берілген шағын несие және шағын несие беру туралы келісім-шарты бойынша міндеттемелерді орындағаны/орындамағаны туралы барлық мәліметті мемлекеттік (соның ішінде құқық қорғау)/мемлекеттік емес органдарға, бұқаралық ақпарат құралдарына беру туралы келісімі	түпнұсқа*/ электронды құжат **
5	Жобаның бизнес-жоспары (жобаның сипаттамасы, өндірістік көрсеткіштері, жобаны жүзеге асырудың қаржылық көрсеткіштері, маркетингтік жоспар, жобаны жүзеге асырудың негіздемесі және т.б. көрсетілуі тиіс)	Қатысушы/үміткердің қолы қойылған түпнұсқа/ электронды құжат **
6	Уәкілетті органның қатысушының/үміткердің шағын несие алу, кепілге мүлік беру жөніндегі келісім-шартын мақұлдау туралы шешімі	түпнұсқа (шағын несие мақұлданған соң тапсырылады)
7	Кепіл берушілердің Қазақстан Республикасының заңнамасына және сенім білдірілген (агент) ұйымның ішкі құжаттарына сәйкес рәсімделген мүлікті кепілге беру туралы келісімі	түпнұсқа (шағын несие мақұлданған соң тапсырылады)
8	Қызмет көрсетуші банктен шоттың бар екенін растайтын анықтама	түпнұсқа (шағын несие мақұлданған соң тапсырылады)/ электронды құжат **

9	Қаржы институттарынан (қарыз болған жағдайда) несие берешегінің, соның ішінде мерзімі өткен берешегінің болуы туралы анықтамалар	түпнұсқа (уәкілетті тұлға растаған түпнұсқаның көшірмесін берілген күннен бастап 30 күн ішінде тапсыруға рұқсат етіледі) / несие бюроасынан алынған электронды форматтағы мәлімет
10	Қатысушының/ үміткердің жалақысын және (немесе) өзге кіріс түрін растайтын құжат (жинақтаушы зейнетақы қорынан үзінді көшірмесі)	түпнұсқа (қолында болса)/ мемлекеттік деректер базасынан алынған электронды үлгідегі мәлімет
11	Кепіл ретінде берілетін мүлік бағасы туралы есеп	түпнұсқа/электронды құжат**
12	Кепіл беруші мен кепілге қойылатын мүліктің құжаттары	көшірме***/ мемлекеттік деректер базасынан алынған электронды үлгідегі мәлімет

* Сенім білдірілген (агент) ұйым қызметкерінің көзінше толтырылады;

** шағын несиеге өтініш қабылдау автоматтандырылған жүйеде жүргізілген жағдайда

*** құжаттардың көшірмесі түпнұсқамен салыстырылады.